



## • Аптаның айшықты оқиғалары


Түркістан қаласында ұйымдастырылған «Turkistan Investment and Tourism Forum – 2025» халықаралық инвестициялық форумына Ордабасы ауданының әкімі Азат Оралбаев пен аудан кәсіпкерлерінен құралған делегация қатысты.

Ауқымды іс-шараға шетелден 300-ге жуық компания өкілдері келіп, өңірлердің инвестициялық, туристік және өндірістік әлеуетімен танысты.

Форум аясында облысымыздың агроөнеркәсіп, индустрия, туризм және қолөнер бағытындағы жобаларынан көрме ұйымдастырылды. Қатысушылар ауыл шаруашылығы өнімдері, жаңа өндірістік желілер мен өңірлік даму бастамалары туралы тың ақпарат алды.

Форум барысында аудан әкімі Азат Оралбаев шетелдік компаниялармен бірқатар екіжақты кездесулер өткізіп, ауданның экономикалық және инфрақұрылымдық мүмкіндіктерін жан-жақты таныстырды. Әкім өңірдің өндіріс, ауыл шаруашылығы, логистика және шағын өнеркәсіпті дамытуға қолайлы жағдайлар жасалғанын атап өтті.

Бірқатар шетелдік компаниялар ауданмен бірлескен жобаларды жүзеге асыруға қызығушылық танытып, алдын ала келісімдер жасалды.



Ауданның агроөнеркәсіптік әлеуеті кеңінен таныстырылып, ауыл шаруашылығы саласындағы басым бағыттар — мал шаруашылығын дамыту, өнімдерді экспортқа шығару, суару жүйелерін жаңғырту және озық агротехнологияларды енгізу бойынша бірқатар жобалар ұсынылды.

Инвесторлар назарына төмендегі өндірістік және аграрлық жобалар ұсынылды:

Пестицидтерді сату бағыты (жыл-



дық айналымы 110 млн юань); «JIAN LIXIN» брендімен сұйық және суға еритін тыңайтқыш өндіру желісі;

«Zhuoqun» брендімен жылдық қуаттылығы 4500 тонна тыңайтқыш өндіретін зауыт;

Жылына 3000 тонна өнім өндіретін мульча қабықшасы зауыты;

Тұқым, тыңайтқыш, пестицид және ауыл шаруашылығы техникасын сататын кәсіби кооператив.

Аталған бастамалар Ордабасы ауданының агроөнеркәсіптік әлеуетін арттырып қана қоймай, шетелдік инвесторлармен өзара тиімді серіктестік орнатуға жаңа мүмкіндіктер ашады деп күтілуде.

Халықаралық форум нәтижесінде ауданға жаңа серіктестер тарту, инвестициялық жобаларды іске асыру және өңір экономикасын дамыту бағытында нақты қадамдар жасалды.



Аудан әкімі Азат Оралбаев аудандағы бірқатар маңызды құрылыс және өндірістік нысандарды аралап, олардың жұмыс барысын бақылады.

Аудан басшысы алдымен абаптандыру жұмыстары жүргізіліп жатқан аумақтарды көріп шықты. Мұнда көгалдандыру, жарықтандыру жүйелерін жаңарту және тұрғындардың демалуына арналған заманауи ашық алаңдар салу жұмыстары жүйелі түрде атқарылуда.

Келесі кезекте іске қосылу алдында тұрған «Tangshan Huating Ceramics Co. LTD.» компаниясының ірі қара мал сүйектерін өңдеу зауытының құрылыс алаңында болып, атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысты.

Аталған жоба ауданға тартылған маңызды инвестициялық жоба болып табылады. Кәсіпорын Қажымұқан ауыл округі аумағынан бөлінген 10 гектар жер телімінде салынып жатыр. Жобаның жалпы инвестициялық көлемі 9 млрд теңгені



құрайды. Зауытты іске қосу кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

Толық қуатына шыққан кезде кәсіпорында 80-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылып, өнім экспортқа бағытталады.

Жұмыс сапары Темірлан өндірістік паркінің құрылыс алаңында жалғасын тапты. Бұл жоба іске қосылғаннан кейін шағын және орта

бизнеске арналған жаңа өндірістік алаңдар ашылып, өңірде кәсіпкерліктің дамуына тың серпін бермек.

Аралау қорытындысында аудан әкімі барлық жобаларды белгіленген мерзімде сапалы аяқтауды және олардың халық игілігіне толық қызмет етуін қамтамасыз етуді жауапты сала басшыларына нақты тапсырды.



Жарық көргеніне тоқсан жылдан асқан «Ордабасы оттары» газетіне 2026 жылдың бірінші жарты



жылдығына жазылу жүріп жатыр. Басылымға «Қазпошта» және «Аманат» баспасы арқылы жазылуға болады.